



“O‘ZBEK FOLKLORI VA SHEVALARI TADQIQOTLARI: AMALIYOT, METODOLOGIYA, YANGICHA YONDASHUV”

mavzusidagi xalqaro ilmiy-nazariy
konferensiya materiallari

2026-yil 23-may

*(Professor Samixon Ashirboyev tavalludining
80 yilligi munosabati bilan tashkil etilgan)*



“O‘zbek folklori va shevalari tadqiqotlari: *amaliyot, metodologiya, yangicha yondashuv*” mavzusidagi xalqaro ilmiy-nazariy konferensiya materiallari
/ Mas’ul muharrir: Sh.Sirojiddinov. – Toshkent, 2026. bet.

Mas’ul muharrir:
Shuhrat Sirojiddinov
filologiya fanlari doktori, akademik

Tahrir hay’ati:

Normurodova N.Z. filologiya fanlari doktori, professor;
Jabborov N.A. filologiya fanlari doktori, professor;
Ashirboyev S. filologiya fanlari doktori, professor;
Tilavov A.X. filologiya fanlari nomzodi, dotsent;
Xidraliyeva Z.R. filol. fanlari bo‘yicha falsafa doktori (PhD), dotsent v.b.;
Aliqulova H.Q. filol. fanlari bo‘yicha falsafa doktori (PhD), katta o‘qituvchi;
Turdialiyev A.X. filol. fanlari bo‘yicha falsafa doktori (PhD), dotsent v.b.;
Alimardanov E.I. filol.fanlari bo‘yicha falsafa doktori (PhD), kattao‘qituvchi;
Qodirov U.A., katta o‘qituvchi.

Ushbu to‘plamda Alisher Navoiy nomidagi Toshkent davlat O‘zbek tili va adabiyoti universitetida 2026-yil 23-mayda o‘tkazilgan **“O‘zbek folklori va shevalari tadqiqotlari: *amaliyot, metodologiya, yangicha yondashuv*”** mavzusidagi xalqaro ilmiy-nazariy konferensiya materiallari hamda filologiya fanlari doktori, professor Samixon Ashirboyevning tabarruk yoshi munosabati bilan yo‘llangan tabriklar o‘rin olgan.

To‘plam materiallaridan filolog mutaxassislar, ilmiy tadqiqotchilar, magistratura va bakalavriat talabalari, shuningdek, keng o‘quvchilar ommasi foydalanishlari mumkin. Maqolalar sifati, mazmuni va haqiqiyliги uchun muallifning o‘zi javobgar hisoblanadi.



37	Ruxshona XASANBOYEVA, Xorazm xalfachilik san'ati: tarixiy ildizlari, ijro an'analari va zamonaviy talqini	621
38	Munisa ABDULLAYEVA, Bolalar folklori va poetikasi	624
39	Tursımay JORABAEVA, Fitrat pen Axmet Baytırsınıyly shıyg'armalarındag'ı ruhani yndestik pen ag'artushılyq ideyalar	629
40	O'g'ıloy G'ANIYEVA, O'zbek va turk maqollarida badiiy tasvir vositalari	631
41	Umida ABDUXALIQOVA, "Go'ro'g'lining tug'ilishi" dostonida bola obrazi	634
42	Farangiz ESHMO'MINOVA, O'zbek bolalar folklorining o'rganilishi	636
43	Shaxlo MINGNOROVA, Shonazar Shoabdurahmonovning folklorshunoslik faoliyati	638
44	Gulsanam SHOKIROVA (XOLMIRZAYEVA), Uychi shevasi leksikasidan	640
45	Sarvinov XUDOYBERDIYEVA, Norin shevasining ayrim fonetik xususiyatlari	643
46	Manzura MASTONOVA, O'zbek xalq ertaklari va qozoq xalq ertaklarida umuminsoniy qadriyatlar	647
47	Xayrullo ASHUROV, Kulguda aks etgan haqiqat: o'zbek folklorida satira va yumorning ijtimoiy-estetik vazifasi	650
48	Sevinch QURBONNAZAROVA, Xorazm shevasida ko'rsatish olmoshlarining funksional-semantik xususiyatlari	649
49	Sevinch OSTONOVA, Allaning turkiy xalqlar madaniyatida tutgan o'rni	656
50	Xayriniso ESHMURATOVA, O'zbek shevalarida kiyim nomlari	659
51	Dinora ABIRQULOVA, "Go'ro'g'li" turkumi dostonlarida qahramonning safarga chiqish jarayoni tahlili	664
52	Munisa ESHMATOVA, Tohir Malikning "Murdalar gapirmaydilar" qissasida yetimlik muammosi ma'naviy tanazzul sifatida	669
53	Munira JUMANIYOZOVA, Xorazm viloyati hazorasp tumani shevasida kelishik kategoriyasining qo'llanishi	677
54	Ohista RAHIMQULOVA, G'ani Jahongirov va bolalar o'yin folklori	680
55	Durdona ZOKIROVA Marosim folklorining bugungi kundagi ahamiyati va zamonaviylik xususiyati	684
56	Marjona ABDUMAJITOVA Toshkent viloyati shevalarini leksik jihatdan bazi tahlili	686
57	Nigora MENGLIYEVA, O'zbek va turk tillarida 771omatic iboralarning o'rganilish darajasi	689
58	Marjona HAZRATQULOVA, Qorako'l shevasining tasniflardagi o'rni	694
59	Sabrina MUBINOVA, Buxoro shahar o'zbek-tojik shevalarini o'rganilishi	700

ФИТРАТ ПЕН АХМЕТ БАЙТҮРСЫНҰЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ РУХАНИ
ҮНДЕСТІК ПЕН АҒАРТУШЫЛЫҚ ИДЕЯЛАР

SPIRITUAL HARMONY AND ENLIGHTENMENT IDEAS IN THE WORKS OF
FITRAT AND AKHMET BAITURSYNULY

Турсынай ЖОРАБАЕВА,

Шырышқ мемлекеттік педагогика университеті

Қазақ тілі және әдебиеті бағытының 2 – курс студенті

Ғылыми жетекшісі: **Байзаков Жандос Абдуазимович (PhD)**

10.52773/tsuull.conf.2026.23.05/XUTT2249

Annotation. *This article examines the ideological, thematic and artistic similarities in the works of the Uzbek writer and public figure Abdurauf Fitrat and the prominent Kazakh poet and scientist Akhmet Baitursynuly. The main goal of both personalities is to awaken the nation, revive the consciousness of the people, encourage education and science, and lead to liberation. I also show the enlightenment spirit in their poetry, the idea of national independence, and the commonality of the Turkic spirit through examples.*

Key words: *Fitrat, Akhmet Baitursynuly, Jadidism, Alash movement, enlightenment, national liberation, spiritual revival, Turkic unity, literature, poetry.*

XX ғасырдың басы – Орта Азия мен Қазақстан халықтары үшін тарихи бетбұрыс кезең болды. Бұл уақытта ұлт зиялылары елдің болашағы үшін күресіп, халықты білімге, мәдениетке, тәуелсіздікке шақырды. Осындай тарихи кезеңде өзбек халқының көрнекті өкілі Абдурауф Фитрат пен қазақ халқының біртуар перзенті Ахмет Байтұрсынұлы ұлт тағдырын жырлаған, елдің рухын көтерген ірі тұлғалар ретінде танылды. Фитрат – жәдидшілдік қозғалысының белсенді өкілі, драматург, акын, публицист болса, Ахмет Байтұрсынұлы – Алаш қозғалысының көсемдерінің бірі, акын, тілші-ғалым, ағартушы. Екі қайраткердің де шығармашылық мұрасында ортақ идеялар мен мақсаттар айқын байқалады.

Ағартушылық идеялардың үндестігі. Фитрат та, Ахмет Байтұрсынұлы да өз халқының артта қалуының басты себебін надандық пен білімсіздіктен көрді. Олар халықты оқу-білімге шақырып, жаңа үлгідегі мектептер ашу, ана тілінде оқулықтар жазу ісіне белсене араласты. Ахмет Байтұрсынұлының «Маса» жинағындағы өлеңдерінде халықты ояту идеясы анық көрінеді. Акын өзін масаға теңеп, ұйықтап жатқан елді шағып оятуды мақсат етеді. Бұл – символдық тәсіл арқылы халық санасын серпілту ниеті. Фитрат шығармаларында да осындай сарын бар. Оның публицистикалық еңбектері мен өлеңдерінде білімнің маңызы, елді өркениетке жеткізу жолындағы реформалардың қажеттілігі кеңінен қозғалады. Ол да халықты жаңашылдыққа, ғылым мен мәдениетке бет бұруға үндеді. Екі тұлғаның да басты ұраны – «ояту», «серпілту», «жаңғырту» болды.

Ұлт азаттығы мен тәуелсіздік идеясы. Фитрат пен Байтұрсынұлы шығармаларының тағы бір ортақ қыры – ұлттық тәуелсіздік мәселесі. XX ғасыр басындағы отаршылдық саясат екі халыққа да ауыр тиді. Сондықтан олардың еңбектерінде азаттыққа ұмтылыс, еркіндікке деген құштарлық айқын сезіледі. Ахмет Байтұрсынұлы Алаш қозғалысының жетекшілерінің бірі ретінде қазақ халқының саяси, мәдени дербестігін қорғады. Оның публицистикалық мақалаларында ұлттық мемлекет құру идеясы көрініс тапты. Фитрат та Түркістан халықтарының бостандығын армандап, ұлттық бірлік идеясын қолдады. Ол түркі халықтарының мәдени және рухани жақындасуын жақтады. Бұл тұрғыда екі қаламгердің де ой-тұжырымдары ұқсас. Ана тілі мен ұлттық мәдениетті қорғау. Ахмет Байтұрсынұлы қазақ тіл білімінің негізін қалап, әліпби реформасын жасап, оқулықтар жазды. Ол ана тілінің ұлт болашағындағы орнын ерекше бағалады. «Тілі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады»

деген ўстаным оның бүкіл қызметінің өзегіне айналды. Фитрат та өзбек әдеби тілінің дамуына зор үлес қосты. Ол тілдің тазалығы мен әдебиеттің ұлттық сипатта дамуын қолдады. Жәдидшілдік бағыттағы еңбектері арқылы ана тілінде білім беруді насихаттады. Осылайша, екі қайраткер де тіл мәселесін ұлттық болмыстың негізгі тірегі ретінде қарастырды.

Көркемдік ерекшеліктердегі ұқсастық. Фитрат пен Байтұрсынұлы шығармаларында публицистикалық сарын басым. Олар поэзияны тек көркемдік құрал емес, қоғамдық ойды жеткізудің, халыққа үн қатудың тәсілі ретінде пайдаланды. Екі ақын да:

Символдық бейнелерді қолданды;

Өткір әлеуметтік сын айтты;

Қарапайым, түсінікті тілмен жазды;

Ұлттық рухты асқақтатты.

Олардың поэзиясында романтикалық пафос пен реалистік сипат қатар өрледі.

Қорытындылай келе, Абдурауф Фитрат пен Ахмет Байтұрсынұлы – өзбек пен қазақ халықтарының ғана емес, бүкіл түркі әлемінің ортақ рухани мұрасына айналған тұлғалар. Олардың шығармаларындағы ағартушылық идея, ұлттық тәуелсіздікке ұмтылыс, ана тілін қорғау, халық санасын ояту мақсаты – бір арнада тоғысқан құндылықтар. Екі қаламгер де өз халқының тағдыры үшін күрескен, сөз өнерін ұлт мүддесіне қызмет еткізген қайраткерлер болды. Сондықтан олардың шығармашылық үндестігі – түркі халықтарының тарихи-рухани тұтастығының айқын көрінісі.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. – Алматы: Ана тілі, 1991.
2. Байтұрсынұлы А. Маса. – Алматы: Жазушы, 1991.
3. Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992.
4. Каримов Н. Жадидчилик ҳаракати тарихи. – Тошкент: Ўзбекистон, 2005.
5. Қасымбаев Ж. Алаш қозғалысы. – Алматы: Қазақстан, 1995.
6. Қирабаев С. Ахмет Байтұрсынов. – Алматы: Рауан, 1990.
7. Нұрғалиев Р. Алаш және әдебиет. – Алматы: Санат, 2002.
8. Түркі халықтары әдебиетінің тарихы. – Алматы: Ғылым, 2004.
9. Фитрат А. Сайланма. – Тошкент: Ғафур Ғулом номидаги нашриёт, 1996.
10. Фитрат А. Танланган асарлар (Тандамалы шығармалар). – Тошкент: Маънавият, 2000.

